

ТЕХНИКАЛЫҚ БАҚЫЛАУ ЖӘНЕ ТОПЫРАҚ ҮЙІНДІСІН ҚАБЫЛДАУ

*ҚР ЕҰ 218-35-14 «АВТОМОБИЛЬ ЖОЛДАРЫНЫҢ
ҚҰРЫЛЫСЫ МЕН ЖӨНДЕЛУІ КЕЗІНДЕГІ
ЖҰМЫСТАРДЫҢ САПАСЫН БАҚЫЛАУ ЖӘНЕ
ҚАБЫЛДАУ ЖӨНІНДЕГІ НҰСҚАУЛЫҚ*

ҚР ЕҰ 218-35-04

ҚР ЕҰ 218-35-16

АНЫҚТАМАЛАР

- **Тапсырыс беруші** – құрылыс салуды, қайта құруды, жөндеуді жүзеге асыру үшін қаражат бөлінген (немесе осы мақсат үшін меншікті қаражаты бар), аталған жұмыс түрлерін орындау үшін мердігер ұйыммен мердігер шартын жасаған шаруашылық қызметінің субъектісі.
- **Мердігер** – тапсырыс берушімен объектінің не оның бір бөлігін салу, қайта құру немесе жөндеу үшін мердігер шартын жасаған шаруашылық қызметінің субъектісі, жұмыс өндіруші.
- **Мемлекеттік қабылдау комиссиясы** – аяқталған құрылыс объектісін пайдалануға қабылдау үшін белгіленген тәртіппен құрылған комиссия.
- **Қабылдау жұмыс комиссиясы** – аяқталған құрылыс объектісі бойынша орындалған жұмыстарды алдын ала қабылдау және оны мемлекеттік қабылдау комиссиясына ұсыну үшін белгіленген тәртіппен құрылған комиссия.
- **Авторлық қадағалау** – орындалатын құрылыс-монтаждау жұмыстарының құрылыс жүргізілетін барлық кезеңінде жобаны әзірлеген ұйым жүзеге асыратын жобалық шешімдерге сәйкес келуін қадағалау.

- **Мемлекеттік бақылау** – бұл объектіні салу және жөндеу кезінде тиісті құқықтар және өкілеттіктер берілген мемлекеттік уәкілетті органдары, оның ішінде мемлекеттік сәулет-құрылыс инспекциясының органдары тарапынан бақылау жүйесі. Ол нормативтік құжаттардың талаптарын сақтау және анықталған заң бұзушылықтар мен жобадан ауытқушылықтарды жою мақсатында жүзеге асырылады.
- **Өнімнің сапасын бақылау** – өнімнің сандық және (немесе) сапалық сипаттарын бақылау.
- **Инспекциялық бақылау** – бұрын орындалған бақылаудың тиімділігін тексеру мақсатында арнайы уәкілеттік берілген тұлғалар жүзеге асыратын бақылау.
- **Тәуелсіз жол-құрылыс лабораториясы** – құрылыс материалдарын және құрылғыларды сынаудың барлық қажетті түрі жүргізілетін, шарттық міндеттемелермен, келісім-шарттармен, басқа заңдық міндеттемелермен байланысты емес және жұмыстарды жүргізуге лицензиясы және жиынтық жол-құрылыс лабораториясы бар, аттестациядан өткен және аккредитациясы және тексерілген аспаптары мен жабдықтары бар Мердігермен, Қосалқы мердігермен аффилирленбеген (**аффилирленген – үлестес**) шаруашылық қызметінің субъектісі.

- ***Жасырын жұмыстар*** – келесі жұмыстармен және құрылғылармен толық немесе ішінара жасырылып тұратын, сапасы мен дәлдігін осы жұмыстарды орындағаннан кейін айқындауға мүмкіндік болмайтын жұмыстар.
- Сапаны қамтамасыз ету жүйесінің ұйымдық құрылымы екі деңгеймен берілген: ***мемлекеттік бақылау; ведомстволық бақылау.***
- ***Мемлекеттік бақылау*** – бұл мемлекеттік уәкілетті органдар тарапынан жол-құрылыс өндірісін бақылау жүйесі (сәулет-құрылыс инспекциясы, МЕСТандарт немесе басқа уәкілетті органдар).
- Ведомстволық бақылау деңгейінде ***техникалық қадағалау және өндірістік бақылау жұмыс істейді.***
- ***Өндірістік бақылау*** – бұл жұмыс өндірушінің өндірістің технологиялық процесінің міндетті элементі болып табылатын өзін-өзі бақылау жүйесі. Өндірістік бақылауға ***бастапқы (входной – кіріс), операциялық және қабылдап бақылаулар*** кіреді.

- **Бастапқы** - бұл түрлі жол-құрылыс материалдарын және бұйымдарды, жартылай фабрикаттарды, сондай-ақ жол салу, қайта құру және күрделі жөндеу үшін міндетті түрде экологиялық және Мемлекеттік сараптаудан өтетін жобалау-сметалық құжаттаманы тексеруді қоса отырып жеткізушіден немесе басқа өндіріс учаскелерінен келіп түскен өнімді бақылау.
- **Операциялық** – бұл операциялар бойынша орындалатын технологиялық процесті оларды өндіру кезінде немесе олар аяқталғаннан кейін (технологиялық процестің ажыратылмас бөлігі ретінде) бақылау.
- **Қабылдап** – бұл жолдың (ғимараттардың) жекелеген аяқталған конструкциялық элементтерін немесе жекелеген аяқталған жұмыстарды, оның ішінде жасырын жұмыстарды және конструктивтерді, қосалқы мердігерлік ұйымдар орындаған жұмыстарды, сондай-ақ құрылысы немесе жөндеу аяқталған, пайдалануға дайын ретіндегі объектілерді қабылдау кезіндегі бақылау.

Бастапқы, операциялық және қабылдап бақылаудың мақсаты жарамсыз болудың алдын алу, ақауларды уақтылы анықтау және түзету, сондай-ақ технологиялық тәртіпті және орындаушылардың түпкілікті өнімнің талап етілетін сапалық және сандық көрсеткіштерін қамтамасыз ете отырып өндірістің барлық деңгейінде орындайтын жұмыстары үшін жеке жауапкершілігін арттыру болып табылады.

Техникалық қадағалау – бұл мүдделі ұйымдардың қызметтері орындайтын, іріктеп бақылау. Техникалық қадағалау тиісінше мыналарға бөлінеді:

- инженер қызметінің бақылауы;
- тапсырыс беруші қызметінің бақылауы;
- жобалы ұйымдары өкілдерінің авторлық бақылауы;
- уәкілетті өкілдердің тәуелсіз инспекциялық бақылауы.

Құрылысы аяқталған объектілерді **түпкілікті қабылдау** екі кезеңге бөлінеді:

- жұмыс комиссиясының іріктеп бақылай және жол (ғимараттар) өлшемдерінің жобаның, келісім-шарттың және нормативтік құжаттардың талаптарына сәйкес келуін белгілей отырып қабылдауы;
- тапсырыс беруші өкілдерінің, мердігердің (жұмысты орындаушының), инженер қызметінің және басқа мүдделі ұйымдардың қатысумен мемлекеттік комиссияның пайдалануға қабылдауы.

Жалпы жағдайы. Топырақ үйіндісін тұрғызу кезінде техникалық бақылау

Сапаны бақылау міндеттері:

- өнім (материалдар, бұйымдар, жартылай фабрикаттар, жол мен ғимараттардың конструкциялық элементтері) өлшемдерінің нақты көрсеткіштерін белгілеу;
- оларды нәтижелері бойынша осы өнімнің тұтынушылық қасиеті бағаланатын жоба, келісім-шарт және нормативтік құжаттар талаптары бойынша талап етілетін мәндермен салыстыру;
- өнімді пайдалануға (қолдануға) жарамдылығы туралы тұжырым жасау.

Жұмыс жүргізу барысында жасалатын *техникалық құжаттамада* міндетті түрде болуы тиіс:

- жұмыс жүргізуге рұқсат;
- жол полициясы органдарымен келісілген жол белгілерін, шығатын және айналма жолдарды орналастыру сұлбасы;
- жұмыстарды жүргізу журналы: бетондау, дәнекерлеу, топырақ үйіндісін және жол жамылғысы негізі мен жабынын нығыздау, қалыңдығын, енін, өлшеу;
- материалдарға, бұйымдарға, конструкцияларға паспорттар, сертификаттар, лабораториялық анализдер;
- авторлық қадағалау журналы;
- куәландырылған жасырын жұмыстар актілері, сондай-ақ геодезиялық бөлшектеу жүргізу туралы актілер;
- жұмыс барысын лабораториялық бақылау журналы және құрылыс материалдары мен бақылау үлгілерінің актілері, тапсырылатын конструктивті элементтердің орындаушылық сызбалары және басқа қосымша құжаттар.

Топырақ үйіндісі құрылысында операциялық сапа бақылауында тексеріледі:

- үйінді беті өстік сызығының жоспарда дұрыс орналасуы және биіктік жұмыс белгілері;
- кесілетін құнарлы өсімдік қабатының қалыңдығы;
- үйінді негізі топырағының тығыздығы;
- қолданылатын топырақ ылғалдылығы;
- жайылатын қабат қалыңдығы;
- үйінді қабаттарындағы топырақтардың біртектілігі;
- үйінді қабаттарындағы топырақтардың тығыздығы;
- беттің тегістілігі;
- топырақ үйіндісінің көлденең кескіні (өспен жол жиегі арақашықтығы, көлденең еңістік, құламалар еңістігі);
- су әкету және дренажды құрылымдардың, құламалар және жол жағаларының беріктіру жұмыстарының дұрыс орындалуын;
- геосинтетикалық материалдар жаю сапасын, жұмыстар жүргізу технологиялық регламентке сәйкес келуін тексеру.

Топырақ үйіндісі параметрлерінің жобалық мәннен рұқсат етілген ауытқулары

көрсеткіштер	Жол берілетін ауытқулар	Бақылау реті
Үйіндінің және арналардың бойлық кескіндегі биіктік белгілері	±5 см	Бойлық нивелирлеу
Топырақ үйіндісі ені бойынша ауытқулар	±10 см	50 м сайын
Құламалар тіктігі (өсуі)	10 %	50 м сайын
Қырат және бүйірлік арналардың көлденең өлшемдері (түбі бойынша)	±5 см	50 м сайын
Арналар тереңдігі	±5 см	50 м сайын
Дренаждардың көлденең өлшемдері	±5 см	50 м сайын және су шығатын жерлерде
Дренаждардың көлденең еңістіктері	±10 %	Бойлық нивелирлеу
Топырақ үйіндісі қабаттарындағы тассыз топырақтарының тығыздықтарының жобалық мәннен 10 % -ға дейін төмен болуы анықталған жалпы сан мөлшері	2...4 %	Топырақ үйіндісі беткі қабатында 50 м сайын